

Жол – көлік колледжі
Қамқоршылық кеңесінің кезекті отырысы

Хаттама № 4

23.10.2024ж. Шымкент қаласы

Төраға: Х.А.Сарсенов

Хатшы: Г.С.Тажобекова

Қатысқандар: қамқоршылық кеңес мүшелері, колледж директорының м.а Б.Ешимов және директор орынбасарлары

Күн тәртібі:

1. 2024-2025 оқу жылында білім беру ұйымында атқарылатын іс-шаралар жоспарымен танысу. *Жауапты: Білім беру ұйымының басшысының м.а Б.Ешимов*
2. Жетім балаларды, қамқорлықтағы және аз қамтылған отбасынан шыққан балалар, сонымен қатар девиантты мінез-құлықты (тәуекелге бейім) білім алушылар туралы ақпараттық есеп. *Жауапты: Білім беру ұйымының әлеуметтік педагогі Ж.Қуанышбекова*
3. Колледждегі тәрбие бағыты бойынша ағымдағы және жоспарға сәйкес атқарылған жұмыстар және ата-аналардың бала тәрбиесіндегі құқықтық және психологиялық біліктілігін жетілдіру мақсатында іс-шаралар ұйымдастыру мәселесі
Жауапты: Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Алтынбеков
4. Білім ордасында оқу-тәрбие жұмысын жан-жақты бақылауда ата-аналар мен колледж арасындағы байланысты күшейту, оқу процесімен жақын таныстыру мақсатында өткізіліп жатқан іс-шаралар туралы *Жауапты: Қамқоршылық кеңес мүшесі, ата-ана Д.Қалдыбаева*
5. Әр түрлі мәселелер.

1. Тыңдалды:

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Х.А.Сарсенов кеңестің отырысын ашық деп жариялап, күн тәртібіндегі мәселелер бойынша уақыт регламентін белгіледі және күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша білім беру ұйымының басшысының м.а А.Акмұлдаевқа сөз берді.

1.1.Тыңдалды: Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша білім беру ұйымының басшысының м.а Б.Ешимов:

2024-2025 оқу жылында жалпы контингент 1802 студенттен 89 оқу тобы құралып отырғанын, оқу топтарындағы ТМ және АЭ мамандықтары бойынша барлық курстардағы оқу топтары таңғы ауысымда, ал қалған мамандықтардағы барлық оқу топтары түскі ауысымда оқитындығы жоспарланып отырғанын, оқу процесіне қатысты барлық негізгі құжаттар қайта рәсімделіп, бекітілуге дайын екендігін, 01 қыркүйектен бастап, ЦҚ оқытушылары бекітілген құжаттармен оқу процесін жүргізуге дайын екеніне тоқталды. Сонымен қатар ҚР Оқу-ағарту министрлігі 2024-2025 оқу жылына техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін оқу орындарында оқу процесін ұйымдастыру бойынша әдістемелік нұсқаулық ұсынымдарын жолдағанын, бұл нұсқаулықта 1 қыркүйек – Білім күнін өткізуге қатысты мәселеден бастап, білім беру бағдарламаларын әзірлеу, жалпы білім беру пәндеріне қатысты, кредиттік-модульдік оқыту технологиясын енгізуге қатысты, білім беру бағдарламаларының тізіліміне, оқу процесін және қашықтықтан оқытуды ұйымдастыруға, демонстрациялық емтиханды өткізуге, дуальді оқыту шеңберінде оқу процесін ұйымдастыруға, W/S қозғалысының дамуына қатысты, сондай-ақ, ТжКБ ұйымдарындағы тәрбие жұмыстарына, кітапхана қорын толықтыруға және оқулықтармен қамтамасыз етуге, кәсіби шеберлік конкурстарын өткізуге, және т.б. мәселелер толықтай қамтылғанын, білім беру ұйымындағы негізгі атқарылатын жұмыстар осы нұсқаулықтың

негізінде жүргізілетінін, аталмыш әдістемелік нұсқаулық циклдік комиссия төрағалары тарапынан оқытушыларға таныстырылғанын айтты. Осы әдістемелік нұсқаулықта 2024-2025 оқу жылында білім беру бағдарламаларына келесі базалық модульдерді:

- 1) дене қасиеттерін дамыту және жетілдіру;
- 2) ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану;
- 3) экономиканың базалық білімін және кәсіпкерлік негіздерін қолдану;
- 4) қоғам мен еңбек ұжымында әлеуметтену және бейімделу үшін әлеуметтік ғылымдар негіздерін қолдануды міндетті түрде енгізуді көздеу қажеттігін, «Қоғамда және еңбек ұжымында әлеуметтену және бейімделу үшін әлеуметтік ғылымдар негіздерін қолдану» модулін зерделеу орта буын мамандарын даярлау кезінде жүзеге асырылатынын, 2024-2025 оқу жылына арналған білім беру бағдарламаларында жалпы білім беретін пәндердің тізбесі мен көлемі қоғамдық-гуманитарлық, жаратылыстану-математикалық бағыттар бойынша мамандық бейінін ескере отырып, МЖБС (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына 23.09.2022 жылы енгізілген өзгерістер мен толықтырулар) сәйкес айқындалатынын. «Жалпы білім беру пәндері» модулі бойынша жалпы сағат саны 60 кредит/1440 сағатты құрайтынын, мамандықтың бейініне қарамастан міндетті жалпы білім беру пәндерге: «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті», «Орыс тілі және әдебиеті» (оқыту қазақ тілінде жүргізілетін топтар үшін), «Орыс тілі» және «Орыс әдебиеті», «Қазақ тілі және әдебиеті» (оқыту орыс тілінде жүргізілетін топтар үшін), «Шетел тілі», «Математика», «Информатика», «Қазақстан тарихы», «Дене шынықтыру», «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық», «Жаһандық күзіреттілік» жататынын, ТЖКОБ ұйымдары мамандығының бейініне байланысты «Физика», «Химия», «Биология», «География», «Графика және жобалау», «Дүниежүзі тарихы», «Шетел тілі» кемінде төрт пәнді тандау керектігін, жалпы білім беру пәндері бойынша емтихандар «Жалпы білім беру пәндері» модуліне бөлінген кредиттер/сағаттар есебінен өткізілетінін айтып өтті. 2024-2025 оқу жылына жасалған жұмыс жоспарына сәйкес атқарылатын жұмыстар талапқа сай жүргізіліп жатқанын айтты.

2.Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі келесі мәселе - жетім балаларды, қамқорлықтағы және аз қамтылған отбасынан шыққан балалар, сонымен қатар девиантты мінез-құлықты (тәуекелге бейім) білім алушылар туралы ақпараттық есеп туралы колледждің әлеуметтік педагогі Ж.Қуанышбекова сөз алып, «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздері мен түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 қаулысына сәйкес, екінші жарты жылдыққа колледж бойынша әлеуметтік көмек қажет ететін оқушылардың тізімін жасақталғанын айтып, төмендегі мәліметтермен арнайы слайд арқылы таныстырып өтті.

Көпбалалы отбасынан шыққан балалар: 798

Әлеуметтік жағдайы төмен отбасыдан шыққан балалар: 74

Даму мүкіндігі шектеулі оқушылар: 8

Жұмысшы мамандықтары бойынша: 206

Барлығы: 880

Жаңадан қабылданған балалар: 277

Жұмысшы мамандықтары бойынша жаңадан қабылданға балалар: 59

Жетім балалар – 9

Қамқоршысы бар – 6

Балалар үйінде – 3

3.Тыңдалды: Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Алтынбеков:

Колледждегі тәрбие бағыты бойынша ағымдағы және жоспарға сәйкес атқарылған жұмыстар және ата-аналардың бала тәрбиесіндегі құқықтық және психологиялық біліктілігін жетілдіру мақсатында ұйымдастырылатын іс-шараларға тоқталып өтті. Тәрбие жұмысының табысты болуының басты кепілі - колледж бен ата-ана арасындағы ынтымақтастық қарым-қатынас екенін.

отбасы мен білім мекемелері мамандарының бірлесіп әрекеттесу негізінде өзара мүдделілік, бір-біріне сенімділік, қолдау мен көмек көрсету, шыдамдылық пен бір-біріне төзе білу принципі болу керектігін, қазіргі кезде оқушылардың тәрбие ісін әрі қарай жетілдіру отбасы мен колледждің бірлескен жұмысын дамыта және нығайта түсу арқылы жүзеге асатынын, отбасы мен колледждің немесе топ жетекші мен ата-ананың бірлесіп жасаған жұмыс нәтижесінде жанашыл, шығармашыл, жан-жақты мәдениетті, саяси сауатты жеке тұлға қалыптастырылатынын, осыған байланысты 2024-2025 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспарында көрсетілген барлық іс-шаралар өз мерзімінде жүргізіліп жатқанын айтып өтті. *(Баяндама қосымша тіркелді)*

4.Тыңдалды: Қамқоршылық кеңес мүшесі, ата-ана Д.Қалдыбаева: Білім ордасында оқу-тәрбие жұмысын жан-жақты бақылауда ата-аналар мен колледж арасындағы байланысты күшейту, оқу процесімен жақын таныстыру мақсатында өткізіліп жатқан іс-шаралар туралы айта келе, жалпы колледжде оқу-тәрбие процесі жоғары деңгейде жүргізіліп, барлық іс-шаралар арнайы жоспарға сәйкес өткізілетінін, биылғы жылдың алғашқы ата-аналар жиналысы 1 қыркүйек күні өткенін, жиналыста білім беру ұйымының басшысы Б.Нарбекова 2024-2025 оқу жылында қабылданған оқушыларды студент болуымен құттықтап, ата-аналарды бөлім меңгерушілерімен, колледж психологімен, әлеуметтік педагогімен таныстырғанын, ата-аналарды балалардың тәрбиесіне жауапкершілікпен қарауға шақырғанын айтты. Сонымен қатар тәрбие жоспарына сәйкес, апта сайын түрлі тақырыпта тәрбие сағаттары өткізілетінін, бұндай тәрбие сағаттарының студенттерге берері көп екенін, сонымен қатар білім алушылардың ата-аналарымен бірлесіп бірнеше іс-шаралар өткізілгенін, «1 Қазан – Қарттар күніне» орай «Ардагерлерді ардақтайық» іс-шарасы аясында колледж айналасында тұратын жалғыздікті қарттардың үйіне барып, студенттер аулаларын тазалап, өз көмектерін тигізіп қайтқанын, бұдан да басқа колледжішілік жарыстар, тренингтер, спорттық турнирлер, дебат үздіксіз өтіп жататынын, студенттерер музейге, жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен түрлі іс-шараларға қатысатынын, бұның барлығы фейсбук желісіне үздіксіз жарияланып отыратынын, топ жетекшілер барлық атқарылған жұмыстар бойынша есеп беріп, ата-аналарды хабардар етіп отыратынын, бұл атқарылып жатқан жұмыстар колледж оқытушыларының үлкен жауапкершілігі мен талапшылдығының және жоғары деңгейде ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында екендігін айта келе, колледж ұжымы алдағы уақытта да үлкен биіктерден көрінетініне сенім білдіретінін айтып, колледж ұжымына, ұстаздарына өз алғысын білдірді.

5.Тыңдалды:








Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Х.А.Сарсенов күн тәртібіндегі әр түрлі мәселелер бойынша Қамқоршылық кеңестің мүшелеріне Қамқоршылық кеңестің 2024 жылға арналған жұмыс жоспарында көрсетілген бағыттар мен алға қойған мақсаттар негізінде барлық өткізілетін іс-шараларға үлкен жауапкершілікпен қарап, өткізу қажеттігіне тоқтала келе, кеңес жұмысы жыл бойы үздіксіз жүргізілетінін айтты.

Шешім:

1. Қамқоршылық кеңес мәжілісінде айтылған барлық мәселелер ескерілсін.
2. Білім беру ұйымы басшысының жасаған баяндамасы ескерілсін.
3. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Алтынбековтың жасаған баяндамасы ескерілсін және тәрбие процесіне қатысты бала тәрбиесіндегі құқықтық және психологиялық біліктілігін жетілдіру мақсатында ұйымдастырылатын іс-шаралар жоспарға сәйкес жүргізілсін. *Жауапкершілік директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарына жүктелсін.*
4. Білім беру ұйымы әлеуметтік педагогі жасаған мәліметі негізінде әлеуметтік жағдайы төмен білім алушының білім алуы мен тұрмыстық жағдайы үнемі бақылауға алынсын. *Жауапкершілік білім беру ұйымының басшысына жүктелсін.*

5. Қамқоршылық кеңестің 2024 жылға арналған жұмыс жоспарында көрсетілген бағыттар өз деңгейінде жүргізілсін. Жауапкершілік Қамқоршылық кеңес төрағасы мен мүшелеріне жүктелсін.

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері:

1. Байзахова Сабира Мұратқызы 
2. Әсет Нұргүл Сүйінбайқызы 
3. Жүсіпбек Бағдат Жәнібекұлы
4. Баймұратов Мусирали Нуранбаевич 
5. Қалдыбаева Динара Жусуповна 
6. Дабылова Марал Алдабергенқызы 
7. Абдыхалилова Мукаддам Пардаевна 
8. Аширова Камшат Шекербековна 

Отырыс төрағасы



Х.Саренов

Хатшы:



Г.Тажобекова